

7- 9 сабақ. Тақырыбы: Қоғам және жастар. Л.т. Жастар – қоғамның негізгі қозғаушы күші.

Г.т. Эмоционалды сөздер.
Есімдіктер, олардың түрлері

Жастар – қоғамның негізгі қозғаушы күші.

Жастар – елдің, мемлекеттің іргетасы. Болашағын ойлайтын ел іргетасының берік болғанын, жастардың бәсекеге қабілетті болғанын қалайды. Олардың денсаулығы, білімі, әлеуметтік жағдайы, қызығушылығы – бәрі-бәрі назарда болады. 2004 жылы Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заң қабылдады. Мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары: қолжетімді және сапалы білім беруді қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту, денсаулық сақтау, салауатты өмір салтын ұстану, жұмыспен қамту, жастар арасында кәсіпкерлікті дамыту. Қазақстан Республикасы – жас мемлекет. Тұрғындарының басым бөлігін жастар құрайды. Сондықтан да мемлекетте жастарға арналған бағдарламалар мен жобалар өте көп. Мұнан бөлек, 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялады. Жастарды жұмыспен қамту мақсатында «Дипломмен ауылға», «Бизнестің жол картасы», «Жұмыспен қамту - 2020», «7-20-25», т.б. бағдарламалар іске асырылып келеді. Табысты еңбек ету үшін сапалы білім алу қажет. Сапалы білім беруге бағытталған «Болашақ» халықаралық стипендиясы, «100 жаңа есім» жобасы, «Серпін» бағдарламасы, «100 жаңа оқулық» жобасы, т.б. бар.

Тапсырмалар:

1. Жаңа сөздерді оқып, есте сақтаңыз, жазып алыңыз: қозғаушы күш, іргетас, бәсекеге қабілетті, қызығушылық, қолжетімді, салауатты өмір салтын ұстану, табысты.

2. Мәтіннен септік жалғаулы тіркестерді, есімдіктер, олардың түрлері көшіріп жазыңыз.

3. Мәтінді оқыңыз.


Мәтін бойынша сұрақтар құраңыз.

5. «Жас келсе, іске» дегенді қалай түсінесіз, ойыңызды жазыңыз.

6. Жастарға арналған бағдарламалардың, жобалардың бірі туралы әңгімелеп келіңіз.

7. Қоғам және жастар туралы әңгімелеңіз.

8. Осы үлгі бойынша «жұмыс, мамандық»
сөздерімен сөз тіркестерін жасаңыз,
сөйлем құрастырыңыз.



9. «Жастар» сөзімен тіркесетін сөздерді тауып, «Жастар және қоғам» тақырыбында сөйлем құрастырыңыз.

A)		балабақшасы	Ә)		құқығы
		саясаты			мүддесі
	ЖАСТАР	фестивалі		жастардың	беті
		құрама			мақсаты
		командасы			парызы
		дәрігері			тәрбиесі
		сәні			білімі
		комитеті сыйлығы			
		клубы			
		қоғамы			
					Дамуы рөлі
					қалауы
					таңдауы

10. Мәтінді оқыңыз. Мазмұнын баяндап беріңіз.

Болашақ және жастар

Жастардың терең білім алуымен болашақтағы мақсат мұраты қай кезде де қоғамды көп толғандырып келген. Қоғам өз мұрасын, мәдениетін және оның құндылықтарын болашақ ұрпағына аманат етіп қалдырып келеді. Тәрбиелі білім алған, жан - жақты қабілетті, бастамашыл, дүниетанымы терең, көкірегі ояу ұрпақ - қоғамның басты діңгегі. Бүгінгі таңда жастарға үлкен міндеттер жүктеліп отыр. Ғылым мен технологияның заманы болып тұрған - ХХІ ғасырда жастарға оң мен терісті, жақсы мен жаманды ажырату бағытында тәрбие беру өткір күйінде қала бермек. Демек, жастардың тәрбиесі мен бүгінгі өмірге дайындығын қамтамасыз ететін бағдарлама мемлекеттің ең маңызды саласы болуға тиіс. Қоғамның ең маңызды әлеуеті болып табылатын жастардың екітүрлі байлығы бар. Біріншісі - денсаулығы, екіншісі - уақыты. Уақыт пен тәрбие арасында тығыз байланыс бар. Тәрбие - бұл уақытты қадірлеу және азға қанағат ете білу. Ұлттық және рухани құндылықтарды көзінің қарашығындай сақтайтын ұрпақ тәрбелеу - бұл өмір мен өлім арасындағы мәселе. Мемлекетімізді, жастарымызды, ұлттық және рухани құндылықтарды болашақ ұрпаққа табыстау үшін сапалы білім қажет. Табиғи байлығы білім жүйесімен сәйкес келетін мемлекет түптің түбінде озады. Жастық шақ - тану мен қалыптасу кезеңі. Бұл жолда танымдық қызмет жүргізу өзара диалогқа құрылуы тиіс. Ал, диалог дегеніміз - «өзгеге мен не бере аламын және өзгеден өзім не үйрене аламын?» деген сұрақтың іс жүзіндегі жауабы. Қоғам ішінен «диалог қоғамын» тудырған әлеуметтік оң өзгерістердің арқасында жастардың бір-бірімен пікір алмасу мүмкіндігі пайда болады, ал пікір алмасу байсалды өзгеріске жетелейді. Ал бұның нәтижесі биік жетістіктермен жастардың есею деңгейіне жетелейді.